

Шот-фактуралардың нысандары және оларды қолдану тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 712 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1241. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

60. "Шот-фактуралардың нысандары және оларды қолдану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 712 V001241_ бұйрығы. -----

1995 жылғы 24 сәуірдегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. 1) 1 қосымшаға сәйкес шот-фактура нысаны;
- 2) 2 қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және патент негізінде салықтарын төлеуші тұлғалар үшін шот-фактура нысаны;
- 3) 3 қосымшаға сәйкес қосымша құн салығын есептеу және төлеу үшін шот-фактураларды рәсімдеу және қолдану Ережелері, - б е к і т і л с і н .

1-1. "Шот-фактуралардың нысандары және оларды қолдану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 14 шілдесіндегі N 712 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" V011519_ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығының 1-тармағында көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды ескерместен нысандар бойынша шот-фактураларды рәсімдеу

2001 жылдың 1 шілдесіне дейін жүргізілетіні белгіленсін.

Ескерту: 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 988 бұйрығымен. V011619_ 2. Әдістеме департаменті (Үсенова Н.Д.): 1) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігімен келісілсін; 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін; 3. Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді. Министр Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы Министрі Мемлекеттік кіріс Министрінің 2000 жылғы 31 шілдеде 2000 жылғы 14 шілде келісілді N 712 бұйрығына 3-қосымша Қосылған құн салығын есептеу мен төлеу үшін шот-фактураларды ресімдеу мен пайдалану е р е ж е с і

Осы Ереже "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 65-бабы 2-тармағына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Заңның 65-бабы 4-тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, шот-фактура барлық қосылған құн салығын төлеушілер үшін міндетті құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығына салық салатын, және де оларға салық салмайтын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату кезінде "Шот-фактура нысандары және оларды пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 712 бұйрығына 1 және 2 қосымшаларға сәйкес белгіленген нысан бойынша шот-фактуралар жасайды және оларды шот-фактуралар тіркеу ж у р н а л ы н а е н г і з е д і .

Шот-фактураларды толтыру осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

2 . Ш о т - ф а к т у р а л а р ж а с а у

3. Қосылған құн салығын салатын тауарлар тиеуді жүргізетін, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді орындайтын салық төлеуші (бұдан әрі - Жеткізуші) қолма-қол есеп айырысу үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)

жеке тұлғаларға (халыққа) өткізу жағдайларын қоспағанда, қосылған құн салығымен шот-фактураға аталған тауарлар, жұмыстар немесе қызмет көрсетулерді алған тұлғаны (бұдан әрі - Сатып алушы) шығарып қоюға міндетті.

Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізетін салық төлеушілер Заңның 65-бабының 1-тармағына сәйкес мұндай айналым бойынша шот-фактураларды есептен шығармауға құқығы бар. Егер салық салынатын және салықтан босатылған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер өткізуді жүзеге асырған жағдайда, шот-фактурада босатылған айналымдар "Өткізу құнының барлығы" 9-бағанында "ҚҚС-сыз" міндетті белгісімен көрсетіледі. "ҚҚС ставкасы" 7 және "ҚҚС сомасы" 8-бағандарына сызықша қойылады.

Шот-фактура ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қарамастан Жеткізуші атынан есептен шығарылады және "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оған есепке құқық береді.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

3-1. Әрбір атауы бойынша (ассортиментте) өткізілетін тауарлар көрсетілетін құжатты (жөнелтпе құжатты) тауарлар өткізу кезінде Жеткізуші пайдаланған жағдайда, шот-фактурада "Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы" 2-баған бойынша жолды жол-жолмен толтырмай өткізу бойынша жалпы айналымды көрсетеді. Егер салық төлеуші салықтың әртүрлі ставкасы бойынша салық салынатын тауарларды өткізуді жүзеге асырса немесе жүктеу құжат салық салынатын айналымдардан босатылған болса, онда "Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы" 2-бағанда мұндай айналым үшін белгіленген салық ставкасы бойынша салық салынатын өткізу бойынша жалпы айналым көрсетіледі.

Әрбір атауы бойынша (ассортиментте) өткізілетін тауарлар көрсетілетін құжат (жөнелтпе құжат) міндетті тәртіпте қоса берілген құжатта (жөнелтпе құжатта) нөмірі және күніне сілтемесі бар шот-фактураға қоса берілуі қажет.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

4. Шот-фактура Жеткізушімен екі данада жасалады және Жеткізуші басшысы мен бас бухгалтерінің, сондай-ақ жіберілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін жауапты адамның қолы қойылады және Жеткізушінің мөрімен (мөртабанмен) расталады. Шот-фактураларға ұйым басшысының бұйрығына сәйкес бұған уәкілетті тұлғалардың немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолы қойылуы да мүмкін.

Шот-фактураның бірінші данасы (түпнұсқа) тауарларды тиеген, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді орындаған күнінен кешіктірмей Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушыға беріледі.

Шот-фактураның екінші данасы (көшірмесі) шот-фактураларды тіркеу және қосылған құн салығын есептеу журналына есеп үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) Жеткізушіде қалады.

Ескерту: 4-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

5. Шот-фактураны нөмірлеу соңғы берілген нөмірден өсу тәртібінде жүзеге асырылады.

Шот-фактуралар көшірмелерінің нөмірлері түпнұсқалар нөмірімен сәйкес келуі қажет.

6. Шот-фактуралар компьютер немесе жазба машиналарын пайдалана отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, бірақ қолдан толтырылуы мүмкін. Бұл ретте, шот-фактура форматының бланкасы кітап, сондай-ақ альбом сияқты болуы мүмкін.

Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

7. Жеткізушілер (Сатып алушылары) есептен шығарылған (алынған) шот-фактураларды тігілген және нөмірленген түрде олардың есептен шығарылған (алынған) күнінен бастап бес жыл ішінде сақтауға міндетті.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

8. Шот-фактурада түзету мен өшіруге жол берілмейді. Түзетулер шаруашылық операцияларға қатысушылардың келісімі бойынша ғана енгізіледі, түзету енгізілген күні көрсетілген шот-фактураларды есептен шығарған тұлғалар жазбаша растауы қажет.

9. Шот-фактураларды бланктермен, сондай-ақ оларды тіркеу журналдарымен камтамасыз ету дербес Жеткізушілермен жүзеге асырылады.

10. Шот-фактуралар есебі мен бланктар пайдалану дұрыстығы үшін бақылау Жеткізуші басшылары немесе оларға өкілетті тұлғалармен жүзеге асырылады.

11. Заңның 65-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді толтыру кезінде Ереже бұзумен ресімделген шот-фактуралар Сатып алушыдағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) қосылған құн салығы сомасын есепке жатқызу үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

3. Шот-фактуралар жасау ерекшеліктері

12. Қосылған құн салығын дербес төлеушілер болып табылмайтын, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатуды дербес жүзеге асыратын заңды тұлғалар бөлімшелері "Жеткізуші" 2-бағанға өз атауын және бас ұйым атауын көрсетумен шот-фактураларды жасайды.

Шот-фактуралар көшірмелері Журналда тіркеледі және есепті кезең ішінде заңды тұлғалар бойынша толықтай қосылған құн салығын есептеу үшін бас ұйымға мәнді байланыс құралдарын пайдаланумен жіберіледі. Түпнұсқа мөрі (мөртабаны) бар шот-фактуралардың түпнұсқа екінші даналары олар есептен шығарылған күннен бастап бес жыл ішінде тігілген және нөмірленген түрде құрылымдық бөлімшелерде сақталуы қажет.

Шот-фактуралардың екінші даналарының көшірмелерінің орнына мәнді байланыс құралдарын пайдалана отырып есепті кезең үшін шот-фактураларды тіркеу журналының көшірмесін құрылымдық бөлімшелердің бас ұйымға бағыттауына болады.

Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

13. Егер тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізу алдын-ала төлеу жағдайларында жүзеге асырылса, шот-фактура жасалмайды. Мұндай жағдайда, алдын-ала төлеуге құжатты жасау жеткілікті. Мұндай құжатқа, соның ішінде, алдын-ала төлеуге есеп болуы мүмкін. Бұл ретте, мұндай құжатты жасау нысаны мен тәртібін салық төлеушілердің өздері айқындайды. Болашақта тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) нақты өткізуді жүзеге асыру кезінде, Жеткізуші белгіленген тәртіппен Сатып алушыға шот-фактураны есептен шығаруға міндетті.

Алдын ала төлеу (аванс) бойынша сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша Сатып алушылардың есебіне қосылған құн салығы нақты тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер түсімін растайтын шот-фактуралар мен бастапқы бухгалтерлік құжаттар негізіне жатады. Егер Жеткізуші алдын-ала төлеу жағдайларында тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізу кезінде шот-фактураны есептен шығарған жағдайда, онда оны толтыру осы Ережеге сәйкес жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 13-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_

14. Түзетілетін сомаға салық салынатын айналымның өзгеруі кезінде Сатып

алушыда есепке жатқызылатын салық сомасының өзгеруі негізінде қосымша шот-фактура жазылады.

Қосымша шот-фактура "Д" таңбасымен жазылады, оның нақты шығарылған күнімен күні көрсетіледі және қосымша шот-фактура ресімделетін шот-фактураның нөмірі мен күніне сілтемесі болуы қажет.

Жеткізушілердің шот-фактурада салық салынатын айналымның көрсетуі кезінде, сондай-ақ сатылған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін ақы алынған сәттен бастап қателік жіберген жағдайларда түзетілген сомаға Жеткізуші түзетілген соманы сызық белгісімен көрсететін қосымша шот-фактураны есептен шығарады.

15. Қызмет көрсетулерде Сатып алушылармен жасалған шарттарға сәйкес тұрақты түрде (үздіксіз) қызмет көрсететін ұйымдар (банктер, ұйымдарды байланыс, энергия және жылумен жабдықтау және т.б.) бір реттен артық емес есепті кезең жиынтығы бойынша шот-фактураларды жасайды.

Мұндай ұйымдарда шот-фактуралар қоса берілген орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер тізіліміне сәйкес жазылады немесе егер банк болса, онда қоса берілген клиенттер есебінен банк қызмет көрсетулері үшін қаражат алу туралы мемориалды ордерлер тізіліміне сәйкес әрбір клиентіне жеке немесе аталған клиентпен есепті кезең ішінде ұсталған комиссияның таратып жазған тізімдемесі, және аталған есепті кезең үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық органына тапсырғаннан бір күн кешіктірмей сатып алушыға алып қою қажет. Сатып алушыларда мұндай шот-фактуралар бойынша қосылған құн салығы қызмет көрсетулерді (жұмыстарды) алуға жататын, сол есепті кезеңде есепке жатқызылады.

4. Көлік-экспедиторлық қызмет көрсету және жол жүру билеттерін сату бойынша қызмет көрсетулер кезіндегі шот-фактураларды жасау

16. Көлік-экспедиторлық қызмет көрсететін, тікелей тасымалдауды жүзеге асырмайтын салық төлеушілер осындай салық төлеушілер көрсеткен қызмет құны және нақты жүк жөнелтушіге келетін тасымалдаушылардың қызмет көрсету құны көрсетілген шот-фактуралар есептен шығарылады. Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_17. Жүктерді жөнелтушілер үшін шот-фактураларды есептен шығару осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген салық төлеушілерге тікелей берілген тасымалдаушылармен шот-фактуралар негізінде жүргізіледі, әрбір тасымалдың көлемдері көрсетілген жүк жөнелтушілер тізілімі жасалады. Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда

жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_ 17-1. Осы Ереженің 17-тармағына сәйкес берілген шот-фактура жүк жөнелтушілерде қосылған құн салығы есебіне жатқызу үшін негіз болып табылады. Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_ 18. Жол жүру билеттерін сатуды жүзеге асыратын және тікелей тасымалды жүзеге асырмайтын салық төлеушілер жол құны мен билеттер сату бойынша қызмет көрсетулер есебінен оларға билет құны көрсетілген шот-фактуралар жазады. 5. Патент негізінде оңайлатылған салық салу режимінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар жасаған ш о т - ф а к т у р а л а р

19. Патент негізінде жұмыс істейтін салық төлеушілер кәсіпкерлердің болжаған кірісінен есептелген және патент құнын айқындау кезінде қабылданған қосылған құн салығы сомасы шегінде шот-фактуралар жазады.

20. Салық төлеушілер патент беру өтінішіне "Шот-фактура нысандары және оларды пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Министрінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 712 бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша бос бланктар қосып береді. Мұның өзінде, өтініште қоса берілген шот-фактуралар бланктарының саны міндетті түрде к ө р с е т і л у і қ а ж е т .

21. "Патент құны көзделген ҚҚС сомасы (теңге)" 2-бағанда шот-фактуралардың төменгі бөлігінде салық органы жеке тұлғаның болжаған кірісінен есептелген және патент құнын айқындау кезінде қабылданған қосылған құн салығы сомасын ұсынады.

22. Салық органы патент беру кезімен бір уақытта өзара қыстырылған және патент берген салық органы мөрімен, сондай-ақ оның басшысы немесе оны ауыстыратын адам қолымен расталған шот-фактуралар береді.

23. Салық төлеушілерге берілген салық органының мөрімен расталған шот-фактуралар саны Патенттер беру есеп кітабына тіркеледі, сол сияқты патент құнына кепілдікке алынған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

24. Шот-фактуралардың шығарылуы кезінде Жеткізуші 2-бағанда "Жеткізуші", сондай-ақ патенттің сериясы мен нөмірін көрсетеді, ал төменгі бөлігіне 3-бағанда сатып алушыларға ұсынылған оның тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) қосылған құн салығы сомасын және қосылған құн салығының пайдаланылмаған қалдық сомасын қояды.

Көрсетілген (қосылған құн салығының пайдаланылмаған) қалдық шегінде Жеткізуші алдағы уақытта шот-фактуралар жазғызып алуға құқығы бар.

25. Барлық шот-фактуралар бланктарын пайдалану кезінде олардың түбіршектері (төменгі бөлігі) міндетті тәртіпте оларға берген салық төлеушінің

ісінде сақталатын салық органына беруі тиіс. Тек қана пайдаланылған шот-фактуралар түбіршектерін (төменгі бөлігі) беру кезінде, сондай-ақ қосылған құн салығының пайдаланылмаған қалдықтарының бар-жоғы кезінде жеке адамдар қосылған құн салығы есебін іске асыру бойынша алдағы уақытта айналымдарын жүзеге асыру үшін салық органында расталған қосымша шот-фактуралар бланктарын алуы мүмкін. 6. Шот-фактураларды тіркеу журналын жүргізу 26. Жеткізуші жазатын журнал шот-фактураларды тіркеуге арналған және осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әрбір есепті кезеңге олар жеке жүргізеді. 27. Тіркеу журналы жазатын Жеткізушілерге шот-фактуралар есебі үшін белгіленген және осы Ережеге N__ қосымшада келтірілген нысан бойынша жүргізіледі. Шот-фактуралар журналында: 1) жазбаның реттік саны болып табылатын жазылған шот-фактуралар нөмірі мен күні; 2) сатып алушының атауы, мекен-жайы және оның СТН (Салық төлеушінің тіркелген нөмірі); 3) тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізуге шарт (келісім-шарт) нөмірі мен күні;

4) салық салатын айналым (қосылған құн салығынсыз жеткізу құны мен төлеушілер акцизіндегі акцизделетін тауар бойынша акцизсіз);

5) қосылған құн салығының ставкасы мен сомасы;

6) акциздің ставкасы мен сомасы (төлеушінің акцизіндегі) көрсетіледі.

28. Егер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша айналым қосылған құн салығынан босатылса - Журналда Заңның тиісті бабындағы (тармақ, тармақша) сілтемемен "босатылды" деген белгі жасалады.

Егер шот-фактурада сараланған ставка бойынша салық салынатын, сондай-ақ қосылған құн салығынан босатылғандарды іске асыру жөніндегі айналым көрсетілсе, онда Шот-фактураларды тіркеу журналына әрбір айналым түрі бойынша жеке жазба жасалады, мұның өзінде шот-фактуралар нөмірі бірінші жазба бойынша бір рет көрсетіледі.

29. Әрбір есепті кезең (ай, тоқсан) үшін Журналда жиынтық енгізіледі. Мұның өзінде есепті кезең үшін жиынтық сомаға алдын ала ақы (аванс) алуға жазылған шот-фактуралар бойынша сома қосылады. Аталған шот-фактураларда алдын ала төлеуге (аванс) жаздырылған қосылған құн салығы сомасы Жеткізушінің нақты тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер жүргізген есепті кезеңдегі жиынтық сомаға қосылады. Журналдың соңғы бетіндегі "Ескерту" жолына алдын ала төлеуге (аванс) жаздырылған шот-фактуралардың нөмірі мен күніне сілтеме жасалады.

30. Журнал қолмен жүргізілген кезде оның парақтары нөмірленуі, тігілуі және Жеткізушінің мөрі басылуы қажет. Электронды жеткізушілердің Журналды жүргізу кезінде оның парақтары әрбір есепті кезең үшін басылады, басшы қолымен және ұйым мөрімен расталады, нөмірленеді және тігілген түрде

сақталады. 31. Шот-фактураларды тіркеу журналы оған соңғы жазба ресімделген күнінен бес жыл бойы сақталады. 1 қосымша шот-фактураны толтыру кезінде пайдаланылатын көрсеткіштердің құрамы 1 жол - шот-фактураның нөмірі және оны толтыру күні көрсетіледі; 2 жол - құрылтайшы құжаттарына сәйкес жеткізушінің толық атауы көрсетіледі; 2а жолы - жеткізушінің (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) СТТН-ы және заңды мекен-жайы көрсетіледі;

2б жолы - жеткізушінің есеп шоты және осы есеп шот ашылған банкінің атауы (банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) к ө р с е т і л е д і ;

3 жол - тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізуге жеткізуші мен сатып алушы арасында жасалған шарттың (келісім-шарттың) нөмірі мен күні к ө р с е т і л е д і ;

3а жолы - тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) (касса арқылы қолма-қол ақша қаражаттарының есебі, аударым арқылы есеп айырысу, тауар айырбасы (баспа-бас айырбас) және т.б. бойынша) жеткізуге шартқа (келісім-шартқа) сәйкес сатып алушы сатып алған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) төлеудің жағдайы көрсетіледі;

4 жол - жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жеткізілу мекені көрсетіледі;

5 жол - сенімхаттың күні мен нөмірі көрсетіледі (егер тауарларды жеткізу жеткізушінің сенімхаты бойынша жүзеге асырылатын болса ғана толтырылады);

6 жол - тауарларды жіберу тәсілі (көлік түрі) көрсетіледі;

7 жол - тауар-көлік құжаттамасын (Қазақстан Республикасының кеден аумағы шегінен тауарларды сату кезінде міндетті) жазып беру нөмірі мен күні к ө р с е т і л е д і ;

8 жол - тауарларды жіберуді жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) СТТН-ы, толық атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі;

9 жол - тауарды алуды жүргізетін ұйымның (жеке тұлғаның) СТТН-ы, толық атауы және заңды мекен-жайы көрсетіледі. Егер тауарларды алуды жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) орналасқан жері басқа мемлекет болатын болса, онда СТТН осы мемлекеттің заңдарына сәйкес көрсетіледі.

Жұмыстар мен қызмет көрсетулерге байланысты 6-10 жолдар т о л т ы р ы л м а й д ы ;

10 жол - құрылтай құжаттарына сәйкес сатып алушының толық атауы к ө р с е т і л е д і ;

10а жолы - сатып алушының (құрылтай құжаттарына сәйкес) СТТН-ы және заңды мекен-жайы көрсетіледі. Егер тауарларды алуды жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) орналасқан жері басқа мемлекет болатын болса, онда СТТН осы мемлекеттің заңдарына сәйкес көрсетіледі.

106 жолы - сатып алушының есеп шот нөмірі және осы есеп шот ашылған банкінің атауы (банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) к ө р с е т і л е д і .

1 баған - рет бойынша нөмір;

2 баған - тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы және олардың модельдерінің нөмірін, типін, мөлшерін, параметрлерін және т.с.с. қоса техникалық м і н е з д е м е с і ;

3 баған - осы тауар бойынша қабылданған өлшем бірлігі (сандар, метрлер, килограммдар, литрлер және басқалары);

4 баған - ол бойынша қабылданған өлшем бірлігін ескеріп тауардың шот-фактурасы бойынша сатылғандардың (тиеліп жіберілгендердің) саны. Жұмыстар (қызмет көрсетулер) бойынша жұмыс (қызмет көрсету) жеткізуге шартқа (келісім-шартқа) сәйкес жұмысты (қызмет көрсетуді) орындауға жататын к ө л е м к ө р с е т і л е д і ;

5 баған - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ҚҚС-сыз өлшем бірлігі үшін шарт (келісім-шарт) бойынша тауардың бағасы көрсетіледі. Егер тауарларды жеткізу сыртқы сауда шарттары (келісім-шарттары) бойынша жүргізілетін болса, онда өлшем бірлігі үшін тауар бағасы осы шарттың (келісім-шарттың) валютасында көрсетіледі;

6-баған - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ҚҚС-сыз акцизделетін тауарлар бойынша акциз есебімен салық салынатын айналым көрсетіледі. Егер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізу сыртқы сауда келісімі (келісім-шарты) бойынша жүзеге асырылса, салық салынатын айналым осы келісім (келісім-шарт) валютасында көрсетіледі.

Ескерту: жиырма екінші абзац жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 б ұ й р ы ғ ы м е н . V 0 1 1 5 1 9 _

7 және 8 бағандар - 2 бағанда көрсетілген тауар (жұмыс, қызмет көрсету) бойынша есептелген қосылған құн салығының ставкасы және сомасы көрсетіледі . Қосылған құн салығынан босатылған тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) сату кезінде осы бағандарда бос жер қалдырылады;

9-баған - қосылған құнға салық есебімен әрбір тауардың (жұмыс, қызмет көрсетудің) атауы бойынша төлеуге жататын сома көрсетіледі. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізген жағдайда, олардың ҚҚС-сыз құны көрсетіледі;

Ескерту: жиырма төртінші абзац жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 б ұ й р ы ғ ы м е н . V 0 1 1 5 1 9 _

10 және 11-бағандар - Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес акциз төлеушілер болып табылатын тұлға 2-бағанда көрсетілген акцизделетін тауар бойынша есептелген ставканы және соманы көрсетеді. Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес акциз есептеу жүргізілетін акцизделетін тауарды өткізу кезінде осы бағандарға сызық қойылады;

Ескерту: жиырма бесінші абзац жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V 0 1 1 5 1 9 _

11 баған - қосылған құн салығын ескеріп тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) әрбір атауы бойынша төленуге тиіс сома көрсетіледі. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші сатқан жағдайда ҚҚС-сыз құн көрсетіледі;

"Шот бойынша барлығы" жолы - 6, 8 және 10 бағандардың жиынтық жолдарының сомасы ретінде есептелген, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін сатып алушы төлеуге тиіс сома көрсетіледі.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және патент негізінде салықтар төлейтін тұлғалар шот-фактураны жасау кезінде мынадай көрсеткіштерді пайдаланады.

11 жол - патенттің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

1 баған - 11 және 11а жолдарының мәліметтері көрсетіледі;

2 баған - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында патент құны қарастырылған ҚҚС сомасы көрсетіледі. Екінші және одан кейінгі шот-фактураларды жасау кезінде бұрынғы шот-фактураның 4 бағанында көрсетілген ҚҚС сомасы осы бағанда көрсетіледі;

3 баған - "ҚҚС" 8 бағаны бойынша ҚҚС-тың жиынтық сомасы көрсетіледі;

4 баған - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында 2 және 3 бағандардың айырымы көрсетіледі.

2 қ о с ы м ш а

Ескерту: 2 қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_ _____

_____ заңды тұлғаның немесе оның бөлімшесінің, жеке _____ тұлғаның толық атауы жеткізушісі бойынша 200__ жылғы _____ айы (тоқсаны) үшін Шот-фактураларды тіркеу журналы _____

_____ |р/с| |Шот-фак.|Сатып |Сатып |Тауарларды | ҚҚ-сыз жеткізу | | N | Шот-фак.|тураның |алушының|алушы.|(жұмыстарды,| құны теңге | | |тураның |

_____ (10) Сатып алушының СТТН-і және мекен-жайы _____ (10а) Сатып алушының есеп айырысу шоты _____ N _____ (10б) _____

р/с	КҚ-сыз тауарлар	N	Тауарлар	жұмыстар қызмет	(жұмыстар)	Өлшем	Саны	Бағасы	көрсетулер	құны	қызмет бірлігі	(көлемі)	көрсету	лер	атауы	1	2	3	4	5	6	

_____ Шот бойынша барлығы: _____

_____ таблицаның жалғасы _____

КҚС	Акциз	Сатудың	барлық	құны	Ставка	Сом	Ставка	Сом	7	8	9	10	11

_____ Ұйым басшысы БЕРДІ (жеткізушінің жауапты адамы) _____

_____ (аты-жөні, қолы) (қызметі) М.О. _____

Ұйымның бас бухгалтері (аты-жөні, қолы) _____ (

аты-жөні, қолы) Ескерту: Мөрсіз жарамайды. Түпнұсқа (бірінші дана) - сатып алушыға. Көшірме (екінші дана) - жеткізушіге.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс Министрінің 2000 жылғы 14 шілде N 712 бұйрығына 2-қ о с ы м ш а

Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 17 наурыздағы N 298 бұйрығымен. V011519_ 200__ж.____N_____

Шот-фактура (1) Жеткізуші _____

_____ (2) Жеткізушінің СТТН-і және мекен-жайы _____ (2а

) Жеткізушінің есеп айырысу шоты _____ N _____ (2б)

Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізуге шарт (келісім-шарт) _____

_____ N _____ (3) Шарт (келісім-шарт) бойынша

төлем жағдайы _____ (3а) Ұсынылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тағайындалған орны _____

_____ (4) (мемлекет, аймақ, облыс, қала, аудан) _____ N

_____ куәлігі бойынша тауарлар (5) (жұмыстар, қызмет көрсетулер)

жүзеге асты Жөнелту тәсілі _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК